

2014 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 06 қаңтардағы № 1-қ қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 07 ақпанда № 2357 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2014 жылға ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдар, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, қатысушылардың еңбекақы мөлшері және оларды қаржыландыру көздерінің тізбесі (әрі қарай - тізбе) қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Ж. Тұманбаева).

1) қоғамдық жұмыстарды орындауға жұмыс берушілермен келісім-шарттар ж а с а с ы н .

2) бекітілген тізбеге сәйкес жұмыссыз азаматтарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді ж ү з е г е а с ы р с ы н .

3) Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен соң осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялауды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. «Мұнайлы аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Ш. Сұңғат) қоғамдық жұмыспен қамтылған жұмыссыздардың еңбек ақысын төлеуге ақшалай қаражаттың уақытылы бөлінуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Н. Тәжібаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

« К Е Л І С І Л Д І »

«Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы
Ж . Т ұ м а н б а е в а
0 6 қаңтар 2 0 1 4 ж .

«Мұнайлы аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің б а с ш ы с ы
Ш . С ұ ң ғ а т
0 6 қаңтар 2 0 1 4 ж .

Мұнайлы аудан әкімдігінің
0 6 қаңтар 2 0 1 4 ж .
№ 1 - қ қаулысына қосымша

2014 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 04.04.2014 № 119-қ қаулысымен.

№ р /с	Ұйымдар атаулары	Жұмысқа жіберілген жұмыссыздардың саны (адам)	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Қоғамдық жұмыстардың көлемі	Қай уақытқа дейін жолданады
1	«Мұнайлы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	8	Амбулаториялық картаны толтыру	3 2 0	12 ай
	«Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту және				

2	әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	4	Құжаттарды өңдеу	160	12 ай
3	«Мұнайлы аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі	4	Курьерлік жұмыс	160	12 ай
4	«Мұнайлы аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық коммуналдық қазыналық кәсіпорны	1	Карта толтыру	40	12 ай
5	«№ 1 жалпы білім беру орта мектебі» мемлекеттік мекемесі	2	Құжаттарды өңдеу	80	12 ай
6	«Қызылтөбе лицейі» мемлекеттік мекемесі	2	Құжаттарды өңдеу	80	12 ай
7	«№ 5 жалпы білім беру орта мектебі» мемлекеттік мекемесі	2	Құжаттарды өңдеу	80	12 ай
8	«№ 6 жалпы білім беру орта мектебі» мемлекеттік мекемесі	2	Құжаттарды өңдеу	80	12 ай
9	«№ 8 жалпы білім беру орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3	Құжаттарды өңдеу	120	12 ай
10	Мұнайлы аудандық ардагерлер кеңесі	2	Құжаттарды өңдеу	80	12 ай
11	«Мұнайлы аудандық зейнетақы төлеу орталығы» республикалық коммуналдық қазыналық кәсіпорны	4	Құжаттарды өңдеу	160	12 ай
12	«Маңғыстау-Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	8	Құжаттарды өңдеу және курьерлік жұмыс	320	12 ай
13	«Мұнайлы аудандық соты» мемлекеттік мекемесі	1	Құжаттарды өңдеу	40	12 ай
14	«Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Сот актілерін орындау Комитетінің Маңғыстау облысы Сот актілерін орындау	5		200	12 ай

	Департаментінің Мұнайлы аумақтық бөлімі» мемлекеттік мекемесі		Құжаттарды өңдеу және курьерлік жұмыс		
15	«Мұнайлы аудандық прокуратурасы» мемлекеттік мекемесі	5	Құжаттарды өңдеу	200	12 ай
16	«Мұнайлы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі	3	Құжаттарды өңдеу	120	12 ай
17	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Маңғыстау облысының әділет департаменті Мұнайлы ауданының әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі	4	Құжаттарды өңдеу және курьерлік жұмыс	160	12 ай
	Барлығы	60			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК